

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Әй ауданының білім бөлімі»  
мемлекеттік мекемесінің «Қарашатау жалпы орта білім беретін мектебі»  
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің кезектен тыс қамқоршылық кеңесінің  
№3 хаттамасы**

30.05.2024 ж.

Құмқұдық ауылы

Қатысқандар саны - 17 адам

Шақырылғандар: - 7 (өзін-өзі бағалау комиссия мүшелері)

### **КҮН ТӘРТІБІ**

1.«Қарашатау жалпы орта білім беретін мектебі» КММ директоры  
А.О.Биханованың мектепте өзін - өзі бағалау жұмысын жүргізу қорытындысы  
туралы есебін тыңдау.

#### **ТЫҢДАЛДЫ:**

##### **1. Е.Р.Карабалин- қамқоршылық кеңесінің төрағасы**

Бүгінгі күн тәртібіне қойылған мәселе бойынша таныстырып, Қарашатау жалпы орта білім беретін мектебі 2024 жылдың 2 мамырынан – 23 мамыр аралығында өзін-өзі бағалау жұмысы жүргізілгенін атап өтті. Мектептің өзін-өзі бағалау нәтижелерімен таныстыруға сөзді мектеп директоры А.О.Бихановаға берді.

#### **СӨЙЛЕУШІ:**

##### **А.О.Биханова - өзін-өзі бағалау комиссиясының төрағасы, мектеп директоры**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» №486 бұйрығының 2- тарау 3-тармағының 1,2- тармақшаларына сәйкес Қарашатау жалпы орта білім беретін мектебінің кезекті №4 кіші педагогикалық кеңесінің шешімімен 2023 жылдың 02 мамырынан – 23 мамыр аралығы өзін-өзі бағалау кезеңі деп танылып, өзін-өзі бағалау жүргізу үшін жоспар құрылды. Жоспарға сәйкес комиссия құрамы бекітіліп, комиссия мүшелері арасына тапсырмалар бөлініп берілді. Өзін-өзі бағалау кезінде білім беру қызметіндегі нормативтік –құқықтық актілермен жеке қолданыстағы құқықтық актілер зерделенді. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттарына сәйкес бағалау парағы толтырылып, білім беру қызметтерін көрсету сапасына «**жақсы**» деген қорытынды берілді. (слайдпен бағалау парағы көрсетілді) Мектептің қызметіне өзін-өзі бағалау барысында педагог кадрлардың тиісті бейінін анықтайтын құжаттарының үлесі, біліктілік санаттары бойынша үлес пайызы, біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі, мемлекеттік тіркеу тізіліміне сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуымыз, ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін жасалған жағдайлар, оқу- әдістемелік кешендермен қамтамасыз етуіміз сәйкестігі бағаланды. Гимназия педагогтары мен 4-9 класс білім алушыларының ата-аналарынан және мектеп алды даярлық класының тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне ата-аналардың пікірін білу үшін, сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейін анықтау үшін педагогтерден онлайн сауалнамалар алынды. Сонымен қатар, білім, білік және дағды сапасын бағалау үшін 4,9 класс оқушыларынан онлайн форматында тест

алынды. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттарына сәйкес жоғарыдағы көрсетілген мазмұнда бағалау парағы толтырылып, білім беру қызметтерін көрсету сапасына «жақсы» деген қорытынды берілді. (слайдпен бағалау парағы көрсетілді).


Қамқоршылық кеңесінің мүшесі К.Қабиева мектеп қызметіне жүргізілген өзін-өзі бағалау жұмыстарына қанағаттанатынын айтты.









Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Е.Р.Карабалин өзін-өзі бағалау жұмыстарының берілген қорытындысын қолдайтындығын, мектептің оқу-тәрбие жұмысына толық қанағаттанатынын айтып өтті.

Күн тәртібіне қойылған мәселе толық тыңдалып, талқыланып

### ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Мектеп басшысының өзін-өзі бағалау жөніндегі есебінің нәтижелері «жақсы» деп бағалансын.
2. Қарашатау жалпы орта білім беретін мектебінің өзін-өзі бағалау жұмысының қорытынды анықтамасы мектептің интернет-ресурсында уақытылы жариялансын.
3. Қамқоршылық кеңесінің шешімі мектептің интернет-ресурсында жариялансын.

Кеңес төрағасы:  Карабалин Е.Р.  
Хатшы:  Кыдырбаева С.Л.

Кеңес мүшелері:  Молбай Б.Ж.  
 Сырымбаева К.К.  
 Итбаев М.А.  
 Сарбасова А.Ш.  
 Абишев Б.Е.  
 Амитова Е.Т.  
 Ұзақов С.М.  
 Оңғарова Қ.Ш.